



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ**

Су – тіршілік көзі

ЫНТЫМАҒЫ ҰЙЫҒАН ҰЖЫМ

жұмысшылары ел игілігі жолында жемісті еңбек етуде



2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды, ел Президенті тиісті Жарлыққа қол қойды. Бастама жұмысшы мамандықтарды дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болып қалыптасу идеясын насихаттауды көздейді. «Сумен жабдықтау және су тарту жүйелерін дамытумен қатар, су үнемдеу технологияларын енгізу және су ресурстарын басқаруды цифрландыру жұмыстарын жандандыру қажет. Сумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейін одан әрі төмендету керек. Ескірген коммуналдық инфрақұрылымды барынша жаңғыртып, жаңаларын салуға маңыз берілуі тиіс. Бұл мәселе қабылданған «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру аясында шешімін табады», - деп Премьер-министр Олжас Бектенов Үкімет отырысында нақтылап айтқан болатын. Биыл қазақстандықтарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге 215 млрд. теңге бөлінген.

Бұл тапсырма аясында елімізде игі шаруалар жалғасын тауып келеді. Қаламыздағы «Арыс тоттық су жүйесі» өндірістік бөлімшесінің қызметі – халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету болса, бұл мақсатта жұмысты жана бағытта жолға қойды. Осы уақытқа дейін ұжым талай күрделі кезеңдерден өтіп, қаншама соқпақтардан жол тауып шықты. Бүгінде мекеме Арыс қаласын, сондай-ақ, Ақдала ауылы мен П.Арапов және Сырдария елді мекендерін сумен қамтамасыз етеді.

Судың бекітілген тарифі: жеке тұлғаларға – 70, ал, заңды тұлғаларға – 384,16 теңге.

Су жүйесінің жабдықтарына тоқталсақ. Ақдала ауыл округінде 15 су ұңғысы, Ақдалада – 1 су құңғы, Сырдарияда – 4 су ұңғысы және Наурыз тұрғын ауданында – 1 су ұңғы негізгі ауыз су көзі болып табылады. Су ұңғымаларының терендігі – 285-300 м. Су ұңғымаларында ко-



йылған ЭЦВ терендік насостарының су беру қуаты – 16м3/сағ, 25м3/сағ, 60м3.

Ақдала насос стансасының сыйымдылығы V=4600 м3 резервуар бар. Арыс қаласы өзен жағасында орналасқан. Ескі су айдау стансасында сыйымдылығы V=5000м3-2 дана ашық резервуар бар.

Насос станциялары
Ақдала ауыл округіндегі 1-ші және 2-ші су көтеру станциялары Арыс қаласына, Ақдала, П.Арапов, Сырдария елді мекендеріне суды магистральды су құбырлары арқылы беруге арналған. Ақдала, Сырдария, Наурыз елді мекендеріндегі су ұңғымаларындағы насос станциялары жазғы мезгілде қосымша су беруге арналған.

Магистральды суағар – жалпы ұзындығы 59,4 км. Су тарату құбырлары – 436,162 км. болады.

Ауыз су – халықтың өмір сүру сапасы мен денсаулығын жақсарту үшін қажет. Суды таза және жеткілікті мөлшерде тұтынушыға ұсыну – ел өміріне қажетті негізгі факторлардың бірі болып та-

былады. Мемлекетімізде ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі ерекше назарда. Ұлттық жоба аясында өңірлерде халықты 100% таза ауыз сумен қамту міндеті тұр.

Ауыз суға қатысты нақты санитарлық талаптар бар. Бір адамның бір тәулікте қанша су пайдаланатыны да нормаға сай болу керек. Талап бойынша, қалалық жерде бұл норма жан басына 700-800 литр болса, ауылдық жерде тәулігіне 140-160 литр шамасында. Осы қажеттілікті қамтамасыз ету үшін ұжым жұмысшылары барлық тұтынушыларға мүмкіндікке сай тұрақты сапалы ауыз су беріп, суды үнемдеу шараларын да назарда ұстауда белсенділік танытып келеді.

Ұжым басшысы Нұртай Мырзатайұлы Ибрагимов жетекшілік пен бақылауды тең ұстаған, ісін жетік білетін азамат. Өзінің іскерлігі һәм көпшілігімен ұжымның мүшелерін қолдап, кез келген қиындықтарды тез шешуге бейім отырады. Ынтымағы жарасқан ортада шешілмей-ел өміріне қажетті негізгі факторлардың бірі болып та-

ғырландырып, олармен жұмыс барысында да бірге жүріп, жұмысты жедел атқаруға, жетіспейтін жабдықтарды өз көзімен көріп, жұмысшының жағдайын жасауға ерекше көңіл бөледі. Бұл, әлбетте, істің дұрыс бағытта өрбуіне күш салатын еңбек адамына демеу болады. Бұл көзқарас әр маманның түсіністігін қалыптастырып, кез келген уақытта тығырықтан тез жол таба білуге құлшынысын арттырады.

Жұмыстың жеңілі жоқ. Су жүйесінің құбырлары тозған, оның ақаулары да көп шығады. Ұжым мүшелері кез келген төтенше жағдайларда жұмыла кетеді. Бұл жыллылық сезімнің астарында мейірім мен татулықтың беріктігі сезіледі.

Мекеме басшысы Нұртайды әңгімеге тартып, мамандары туралы сұрағанымызда, ол жетістіктерін аузын толтыра айтты. Солардың бірі – су айдаушы Игенов Жұмабек Амантайұлы ел Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың қолынан омырауына «Құрмет» орденін тағып келіпті. Ол орта мектепті бітірген соң алысқа арман қуып кетпей, туған топырақта ел игілігі жолында еңбек етеді. 1990 жылы Фаридамең шаңырақ көтеріп, отбасында Әзімбек, Қарима, Әзізбек, Несібелі, Гүлден есімді балаларын тәрбиелейді. Өз ісінің білікті маманы. Ұжымның сыйлы азаматы.

Құлжабаева Әлия Талапқызы осы ұжымның бақылаушысы екен. Арыс қаласының тумасы. Темір жол кәсіптік училищесінің түлегі. Станция кезекшісі мамандығын алып, осы салада еңбек етеді. 1988-1992 жылдары Задария елді мекеніндегі былғары өңдеу цехында тігінші болып жұмыс істейді. 2000 жылы өмір соқпағы жетелеп, «Арыс бұлақ» мекемесінде бақылаушы болып еңбек етіп, жиырма бес жыл осы жерде адал төрімен көптің ықыласына бөленеді. Жұбайы Құлжабаев Әмірбек «Арыс ТСН» мекемесінде су айдаушы.

Қарапайым жұмысшы мамандықты менгерген ізгі жан-дан өз ұрпағын адалдыққа баулып тәрбиелейді. Табиғатынан алғыр, өз ісінің білікті маманы Әлия Талапқызы өз ортасында өте сыйлы. Талапшы, табанды ана. Адал еңбегінің арқасында Әлия Талапқызы ІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» белгісімен марапатталса, биыл Қазақстан Президентінің қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалін алды.

– Еңбектің жемісін көру – үлкен абырой. 9 шілде – Су шаруашылығы қызметкерлерінің күні қарсаңында Астанаға шақыру алған мақтаулы маманымыз Тұрғанбаев Нұрболат Шекербекұлы Президент қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалін төсіне тағып келді. Бір ұжымның үш қызметкерінің де Мемлекет басшысының ықыласына бөленіп жатқаны біз үшін үлкен қуаныш, - деп Нұртай Мырзатайұлы ағынан жарылды.

Темірхан ӘБДІКОВ.



ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

Елімізде ауыл шаруашылығы санағы басталды. Бұл осымен елдегі төрт түлікті түгендеуге қатысты екінші ұлттық науқан болмақ. Осы жолы аграрлық сектордың дамуына болжам жасалатын шараны тамыз бен қазан айларының аралығында ұйымдастыру жоспарланған. Биыл жазда тестік санақ өтеді. Ауыл шаруашылық дақылдар, үй жануарлары, фермерлік қожалықтарға қатысты ақпарат жинақталады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Арыс к. Эль-Фараби көшесі 3 (әкім. ғим) **05.09.2025 ж. сағ. 11:00-де** Түркістан облысы Арыс ауданындағы Арыс-III кен орнынан құрылыс құмын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық рұқсат алуға арналған материалдарына (ҚОҚ, ҚОЭН, ҚББ, ӨЭББ, ҚОҚ іс-шаралар жоспары) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Бастамашы: "Алтын құм" ЖШС-і, мекен-жай: Шымкент к., Абай ауданы, Қызылжар ш.а., 1177/1. БСН 910640000239, тел.: +77025055855, erimbetov_a@mail.ru.

Әзірлеуші: ЖК Сыдыкова Н., мекен-жай: Шымкент к., Қ.Төлеметов көш. 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Жобалық құжаттамамен танысу ndbecology.gov.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. қарауға және қосымша ақпаратты 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru арқылы алуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz қабылданады. Онлайн қосылымға сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROyM1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Конференция идентификация коды: 616 540 8596. Кіру коды 123456.

Кен орынның және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 42°21'36", 68°50'22".

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-не мына мекен-жай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан к., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

05.09.2025 г., в 11:00 ч. по адресу: г.Арыс, ул.Ал-Фараби, 3 (зд.акимата) проводятся общественные слушания в форме открытых собраний по материалам для получения экологического разрешения плана горных работ на добычу строительного песка месторождения Арыс-III в Арыском районе Туркестанской области (РООС, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ).

Инициатор – ТОО "Алтын кум", адрес: РК, г.Шымкент, Абайский район, мкр.Кызыл жар, 1177/1. БИН 910640000239, тел.: +77025055855, erimbetov_a@mail.ru.

Разработчик: ИП Сыдыкова Н., адрес: г. Шымкент, ул.К.Тулеметова, 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. Дополнительную информацию можно получить по номеру и эл.адресу: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru, а также замечания и предложения принимаются на Информационной системе ndbecology.gov.kz. Ссылка на онлайн подключение <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROyM1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Идентификатор конференции: 616 540 8596. Код доступа 123456.

Географические координаты участка и территории воздействия: 42°21'36", 68°50'22".

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» по следующему адресу: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.